

Әкімшілік құқық бұзушылықтар және оларды жасаған адамдар туралы  
орталықтандырылған деректер есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулығын бекіту  
туралы

### **Күшін жойған**

Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2014 жылғы 10 қазандағы № 114 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылды 11 қарашада № 9869 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2020 жылғы 24 желтоқсандағы № 159 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Бас Прокурорының 24.12.2020 № 159 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

### **Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз**

Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы, 2003 жылғы 22 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңының 12-бабы З-тармағының 6) тармақшасын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының м.а. 02.07.2020 № 82 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Әкімшілік құқық бұзушылықтар және оларды жасаған адамдар туралы орталықтандырылған деректер есебін жүргізу жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. "Әкімшілік құқық бұзушылықтар және оларды жасаған тұлғалар туралы орталықтандырылған деректер банкін құру және оның жүргізілуі жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2012 жылғы 12 қарашадағы № 134 бұйрығы күші жойылған дәп танылсын (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8101 болып тіркелген, 2013 жылғы 20 ақпандағы № 71 "Егемен Қазақстан" газетінде жарияланған).

3. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті (бұдан әрі – Комитет) осы бұйрықты жолдасын:

1) мемлекеттік тіркеу үшін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне;

2) ресми жариялауға;

3) мәлімет және қызметте пайдалану үшін мұдделі құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілеріне, орындау үшін Комитеттің аумақтық органдарына.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Комитет Төрағасына жүктелсін.

5. Осы бұйрық 2015 жылғы 1-қаңтарынан қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Бас Прокуроры

А. Дауылбаев

Қазақстан Республикасының  
Бас Прокурорының

2014 жылғы 10 қазандығы  
№ 114 бұйрығымен бекітілген

## **Әкімшілік құқық бұзушылықтар және оларды жасаған адамдар туралы орталықтандырылған деректер есебін қалыптастыру бойынша нұсқаулық**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Әкімшілік құқық бұзушылықтар және оларды жасаған адамдар туралы орталық тандырылған деректер есебін қалыптастыру бойынша осы нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтауға және (немесе) әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға өкілетті барлық мемлекеттік органдар үшін (бұдан әрі – әкімшілік тәжірибе субъектілері) әкімшілік құқық бұзушылықтарды және оларды жасаған адамдарды бірыңғай есепке алууды белгілейді.

Әкімшілік құқық бұзушылықтар және оларды жасаған адамдар туралы орталықтандырылған есепке алууды Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті (бұдан әрі – Комитет) орталықтандырылған деректер банкін (бұдан әрі – ОДБ) жүргізу арқылы жүзеге асырады.

2. ОДБ әкімшілік тәжірибе субъектілері ұсынатын "Әкімшілік құқық бұзушылықты және оны жасаған адамды есепке алу карточкасы" №1-ӘЖ нысанды карточка Нұсқаулықтың 1-қосымшасына сәйкес нысанда, №1-ӘҚ "Әкімшілік құқық бұзушылық барысы және оны қарау нәтижелері туралы" нысанды карточка Нұсқаулықтың 2-қосымшасына сәйкес нысанда ақпараттық есепке алу құжаттары (бұдан әрі – АЕҚ) негізінде "Арнайы есепке алу" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – АЕ ААЗ) қалыптасады.

3. АЕҚ шығару және жүргізу әкімшілік құқық бұзушылық анықталған немесе қаралған сэттен бастап 24 сағат ішінде жүзеге асырылады. АЕҚ белгіленген мерзімде шығару мүмкін емес болған жағдайда, ол әкімшілік тәжірибе субъектісінің басшысымен бекітілген қызметтік құжат негізінде оны тіркеу мүмкіндігі пайда болған күні шығарылады.

4. Егер мерзімнің аяқталуы демалыс немесе мереке күніне түсетін болса, АЕҚ келесі бірінші жұмыс күні енгізілуі тиіс.

5. Әкімшілік құқық бұзушылықтар мен оларды жасаған адамдарды есепке алу Комитеттің аумақтық басқармасының деректер банкіне (бұдан әрі – АБ ДБ) немесе мемлекеттік органдардың деректер қорына (бұдан әрі – МО ДҚ), немесе әкімшілік құқық бұзушылықтарды есепке алу журналына (бұдан әрі – ӘҚБЕЖ) АЕҚ енгізген сәттен бастап, Нұсқаулықтың З-қосымшасына сәйкес нысанда жүзеге асырылады.

6. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы өндірісті қозғау сәтінен бастап (хаттаманы құрастыру) әкімшілік материалға 15 белгілік нөмір беріледі.

7. Құқық бұзушылықты есепке алу оның жасалу орны бойынша жүргізіледі. Әкімшілік материалды әкімшілік тәжірибе субъектісінің орталық аппараты қозғаған кезде әкімшілік құқық бұзушылық жасалған орны бойынша есепке алынады.

8. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінің (бұдан әрі - ҚР ӘҚБК) 812-бабына сәйкес көлік құралдары, кемелер есепте тұрған орын бойынша немесе оған қатысты іс жүргізіліп жатқан адамның тұрғылықты орны бойынша қараган жағдайда құқық бұзушылық әкімшілік іс қаралған орын бойынша есепке алынады.

9. Әскери қызметшілер, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдарда шақырту немесе шарт бойынша әскери қызметтегі адамдар, әскери жиылдыс өту кезінде қорда тұрған азаматтар, әскери бөлімдердің, бірігулердің, мекемелердің азаматтық қызметкерлері қызметтік міндеттерін атқару барысында немесе аталған бөлімдердің, бірігулердің, мекемелердің қарамағында болуға байланысты немесе оларға теңестірілгендер жасаған әкімшілік құқық бұзушылықтар Комитеттің Әскери басқармасында есепке алуға жатады.

10. Қазақстан Республикасының Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті Шекара қызметінің қызметкерлері анықтаған Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар жасаған әкімшілік құқық бұзушылықтар Комитеттің аумақтық басқармасында (бұдан әрі – АБ) әкімшілік құқық бұзушылық жасалған орны бойынша есепке алынады.

11. МО ДҚ қалыптасатын мәліметтер деректерді жіберу желілері немесе алмалы тасымалдағыштар арқылы осы Нұсқаулықта белгіленген тәртіpte, форматта және мерзімдерде АБ-ға экспортталады.

12. Келіп түскең мәліметтер негізінде АБ келіп түсетін мәліметтерді автоматты тұрде деректерді жіберу желілері арқылы Комитеттің ОДБ-не жолдаумен АБ ДБ қалыптастырылады.

13. Электрондық деректер қорын жүргізуге қажетті жабдықтар болмаған жағдайда, әкімшілік тәжірибе субъектісі қағаз тасымалдағыштарда № №1-ӘЖ, № 1-ӘҚ нысандарындағы ӘҚБЕЖ және АЕҚ толтырады, содан соң АБ ДБ-ін толтыру үшін АБ-ға жолданады. Әрбір қабылданған жаңа шешімге №1-ӘҚ нысанды жаңа АЕҚ құрастырылады.

ӘҚБЕЖ нөмірленуі, тігілуі және мөрмен расталуы тиіс.

14. ӘҚБЕЖ және АЕҚ барлық жазбалар анық, баспа әріптермен, көк немесе қара сиямен қолмен немесе компьютердің көмегімен жазылады. Түзетуші құралдардың көмегімен тазартуға, түзетуге немесе бұрын жасалған жазбаларды жоюға жол берілмейді.

15. Әкімшілік тәжірибе субъектілері жергілікті МО ДК мәліметтерін АБ-ға онкүндік кезеңділікпен әр айдың 2, 11, 21 күндері жолдайды.

16. АБ ДБ-не АЕҚ енгізуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдар ОДБ мәліметтерді экспорттауды деректер жіберу желілері арқылы нақты уақыт режимінде жүргізеді.

17. Комитетке келіп тұсу күні деректер жіберу желілері арқылы, ал осындағы мүмкіндік жоқ болған жағдайда – алмалы тасымалдағыштарға мәліметтерді түсіру күні немесе АЕҚ қағаз тасымалдағыштарда АБ-ға келіп тұсу күні мәліметтердің келіп тұсу күні болып табылады.

18. Соттар қарайтын әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша хаттамаларды құрастырушы әкімшілік тәжірибе субъектісі №1-АҚ АЕҚ-ның "7. Шешім" деректемесінде "08" ұстанымы таңдалады және сот органдарына жолдау туралы шешімнің күні толтырылады.

19. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы сот органдары қараган істер жөніндегі мәліметтер Қазақстан Республикасы сот органдарының Бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық-талдау жүйесінен Комитеттің ОДБ-не түсіріледі.

20. Әкімшілік жаза тағу туралы қаулысыз рәсімделген материалдар бойынша ҚР ӘҚБК 807-бабына сәйкес АЕҚ-ның барлық деректемелері тікелей ескерту немесе айыппұл шығарылған соң толтырылады.

21. ҚР ӘҚБК 498-бабына сәйкес мәліметтердің анықтылығына, толықтығына және уақытылы ұсынылуына АЕҚ-ның сәйкес деректемелерін толтырушы әкімшілік тәжірибе субъектісінің қызметшісі жаупты болып табылады.

22. АЕҚ-да мәліметтерді түзетуді немесе жоюды әкімшілік тәжірибе субъектісі МО ДК-да қателікті анықтаған сәттен бастап 24 сағат ішінде жүзеге асырады.

АБ ДБ мәліметтерді түзету АБ-ға мемлекеттік органның дәлелденген сұрауы негізінде және АБ ДБ-де олардың себебін көрсетумен жүзеге асырылады.

23. АБ ДБ-де мәліметтерін жою оның себебін көрсетумен осы бағытқа жауапты бөлімнің тек басшысы жүзеге асырады.

24. Ескіру мерзімі бойынша есептен шығару автоматты түрде жүргізіледі.

25. Карточкалардың ұсыну уақыттылығын есепке алу және бақылау толықтырын қамтамасыз ету мақсатында әкімшілік тәжірибе субъектілері тоқсанына бір рет (есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10 күніне дейін) АБ ДБ-мен салыстырулар өткізеді.

## **2. №1-ӘЖ нысанды АЕҚ шығару және енгізу ерекшеліктері**

26. "Құқық бұзушылықты анықтаған орган" 1-деректемесі құқық бұзушылықты анықтаған органның кодын сөздіктен таңдау арқылы толтырылады. Егер құқық бұзушылық басқа органның бастамашылығымен анықталса, "Органның бастамашылығы бойынша" 1.1-деректемесінде сөздіктен сәйкес органның коды көрсетіледі. Кері жағдайда деректеме бос болып қалады.

27. АЕҚ-ның 3-деректемесінде әкімшілік істің 15 белгілік нөмірі бейнеленеді. Бірінші екі сан материалды тіркеу жылын, екінші екі сан – облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың кодын, үшінші екі сан – аудан кодын, төртінші сандар жұбы ведомствоның кодын білдіреді, тоғызыншы сан болып 3 саны қойылады, ол іс бойынша әкімшілік өндірісті қозғауды білдіреді және соңғы 6 сан – материалдың реттік нөмірі.

3.2 деректемеде бюджеттік жіктеу коды (БЖК), 3.3 деректерменде салық органының коды (СОК) және 3.4 деректемеде төлем тағайындау коды (ТТК) көрсетіледі.

**Ескерту. 27-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 21.10.2015 № 126 (ресми түрде жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі)  
бұйрығымен.**

28. Егер ҚР ӘҚБК 807-бабына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама құрастырылмаған жағдайда, "Хаттама нөмірі" 3.1-деректемесі толтырылмайды.

29. Адам бірнеше әкімшілік құқық бұзушылық жасаған кезде құқық бұзушылықтың әр қайсысына АЕҚ бөлек нөмірмен шығарылады.

30. Өкілетті органға немесе лауазымды адамға Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабының 9-бөлігіне немесе 179-бабының 4-бөлігіне сәйкес әкімшілік жауаптылықта тарту туралы сұрақты шешу үшін материал келіп түсken жағдайда, АЕҚ-да шешімді қабылдау күнін толтырумен оны ақпараттық есеп кітабында немесе Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірынғай тізілімінде тіркеу нөмірі көрсетіледі.

31. Құқық бұзушының сауалнамалық деректері қатаң оның жеке басын куәландыратын құжат тілінде енгізіледі.

32. ЖСН Қазақстан Республикасының азаматтары үшін толтырылады.

33. Егер ҚР ӘҚБК 806-бабының 9-тармағына сәйкес жеке тұлға анықталуы мүмкін емес болған жағдайда, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама әкімшілік құқық бұзушылық фактісі бойынша құрастырылады, "субъект" 8-деректемесінде "50" код - анықталмаған адам таңдалады.

34. АБ ДБ-де қағаз АЕҚ-ы АБ-ның қызметкерлерімен олардың келіп тұсу күні бойынша тіркеледі.

35. ҚР ӘҚБК нормалары бойынша құқық бұзушылықты саралау ҚР ӘҚБК Ерекше бөлімінің баптар тізімі анықтамасынан таңдалады.

36. Құқық бұзушылықтың орны, жасалу күні немесе анықталған күні міндettі түрде көрсетіледі.

37. "жасалу фабуласы" 13-деректемесі толық аяқталған сөздермен толтырылады, тек ҚР ӘҚБК бабының нөмірін немесе оның атауын енгізуге жол берілмейді.

38. Мемлекетке залал келесі баптар бойынша есептеледі: ҚР ӘҚБК 139, 140, 141, 142, 143, 144, 145, 149, 151, 152, 153, 159, 160, 163, 176, 182, 196, 233, 237, 238, 239, 267, 278, 311, 316, 324, 328, 344, 347, 356, 358, 370, 372, 382, 383, 394, 396, 398, 475, 548, 549, 551, 554 және сома тенгеде көрсетіледі.

39. "субъект" 8-деректемесінде: "01" - жеке тұлғаны, "02" - жеке кәсіпкерді, "25" - лауазымды адамды, "26" - лауазымды адамға теңестірілген адамды таңдаған кезде 15-27-деректемелер міндettі толтыруға жатады.

40. Егер тұган жері басқа ел болса, тек елі көрсетіледі.

41. Адамның жасы, жұмысының түрі және лауазымы құқық бұзушылық жасау сәтіне көрсетіледі.

42. Егер құқық бұзушылық алкогольдік, есірткілік немесе уытқұмарлық масаң күйінде жасалса, 27-деректеме толтырылады.

43. Жеке басын куәландыратын құжат деректері көрсетілетін деректемелер орнату деректерінде көрсетілген мәліметтерді бейнелейді. Жеке кәсіпкерлер үшін қызметінің түрі, мемлекеттік тіркеу куәлігі және болған кезде ЖСН толтыру үшін міндettі.

Занды (үй) мекенжайын толтыру барлық адамдар үшін міндettі болып табылады.

44. Егер "субъект" 8-деректемесінде: "03" - занды тұлға, "04" - шетелдік занды тұлға, "05" - шетелдік қатысуы бар занды тұлға, "27" - занды тұлғаның филиалы немесе "28" - занды тұлғаның өкілдігі таңдалса, 28 -31 – деректемелері толтырылады.

45. 32-деректемеде АЕҚ-ты толтырған адамның тегі, аты, әкесінің аты және тұлғаның лауазымы, толтыру күні толтырылады.

46. 33-41-деректемелері ішкі істер органдарымен толтырылады.

47. 42-44-деректемелері мемлекеттік кіріс органдарымен толтырылады.

### **3. №1-ӘҚ нысанды АЕҚ шығару және енгізу ерекшеліктері**

48. №1-ӘҚ нысанды АЕҚ тек сәйкес №1-ӘЖ нысанды АЕҚ шығарған соң қозғалған әкімшілік материал бойынша келесі шешімдерді қабылдау нәтижелері бойынша толтырылады:

материалды (хаттаманы) беру жөнінде;

жаза тағу немесе тоқтату/босату туралы қаулыны шығарумен материалды (хаттаманы) қарau жөнінде;

материалды мәжбүрлі орындауға беру жөнінде;

жазаны орындау жөнінде;

жазаны орындауды кейінге қалдыру жөнінде;

қаулыны апелляциялық, кассациялық, қадағалау тәртібінде және жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша шағым (наразылық) білдіру жөнінде.

Әр қабылданған шешімге бөлек карточка басталады.

49. Карточканың 2-деректемесіне әкімшілік материалдың 15 белгілік нөмірі енгізіледі.

Егер бірігіп қарau үшін әкімшілік істерді бір өндіріске біріктірген жағдайда (ҚР ӘҚБТК 816-бабы 4-бөлігі) 2.3 деректеме белгіленеді, негізгі істің нөмірі 2.4 деректемеде көрсетіледі, біріктірілген әкімшілік істердің нөмірлері мәтіндік форматта 2.5 деректемеде көрсетіледі.

**Ескерту. 49-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 21.10.2015 № 126 (ресми түрде жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.**

50. 6-деректемеде, егер №1-ӘЖ нысанды АЕҚ 12-деректемесінде көрсетілген болса және осы АЕҚ-ын енгізу сәтіне төленген мемлекетке өтелген сома көрсетіледі.

Материалдарда (хаттамада, істе) көрсетілген барлық сомалар нүктө және үтірсіз тенгеде толтырылады.

51. Жаза тағайындау немесе істі тоқтату туралы қаулыны шығару жөнінде № 1-ӘҚ нысанды АЕҚ-ын толтыру (енгізу), қаулының заңды күшіне енуін күтпестен, шешімдердің біреуі қабылданған сәттен бастап 24 сағат ішінде жүзеге асырылады.

52. Қаулыға шағым немесе наразылық білдірілген жағдайда қаулыға шағым (наразылық) білдіру туралы №1-ӘҚ нысанды АЕҚ қосымша толтырылады.

53. Егер әкімшілік материал әкімшілік жаза тағумен қаралса, "материал бойынша шешім" 7-деректемесінде "09" - жаза тағумен қаралды кодировкасы қойылады, "шешім күні" деректемесінде қаулыны шығару күні және "Әкімшілік жаза шаралары" 9-деректеме бойынша сәйкес кодировка таңдалынады.

54. Егер әкімшілік қамақ немесе арнайы құқықтан айыру түріндегі жазалау шарасы көрсетілсе, әкімшілік қамақ немесе арнайы құқықтан айыру қандай мерзімге белгіленгені көрсетілетін "мерзімге дейін" деген деректеме толтырылады.

55. "Қосымша шаралар" 9.2-деректемесінде, егер олар ҚР ӘҚБК Ерекше бөлімінде сәйкес баппен көзделген болса, қосымша шаралар көрсетіледі.

Арнайы құқықтан айыру, рұқсаттан айыру немесе оның әрекет етуін тоқтата тұру, сондай-ақ тізілімнен шығару, қызметті немесе оның жеке түрлерін тоқтата тұру немесе оларға тыйым салу қосымша шарасын көрсеткен кезде "мерзімге дейін" деген деректеме толтырылады.

56. Әкімшілік құқықтық шараларды қолданған кезде сөздік бойынша сәйкес кодировканы таңдау арқылы "Әкімшілік-құқықтық" 9.3-деректемесі толтырылады.

Егер айыппұл түрінде әкімшілік жаза тағылса, "Тағайындалған айыппұл мөлшері" 9.4-деректемесінде оның мөлшері көрсетіледі, 9.5-деректемеде ҚР ӘҚБК 819 бабының 2-бөлігін қолдану көрсетіледі.

Қысқарту өндірісі қолданылатын жағдайда салынған айыппұлдың сомасы "Қысқарту өндірісі тәртібінде салынған айыппұл мөлшері" 9.6 деректемесінде көрсетілсін.

**Ескерту. 56-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Бас Прокурорының 21.10.2015 № 126 (ресми түрде жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

57. Егер әкімшілік материал істі тоқтату немесе әкімшілік жазадан босату қаулысын шығарумен қаралса, 10.1-ден 10.4-ке дейінгі деректемелер толтырылады.

58. Материалды мәжбүрлі орындауға беру туралы №1-ӘҚ нысанды АЕҚ толтыру (енгізу) әкімшілік жазаны тағумен әкімшілік материалды қарау жөнінде №1-ӘҚ нысанды АЕҚ енгізген соң жүзеге асырылады.

59. Жазаны орындау туралы №1-ӘҚ нысанды АЕҚ толтыру (енгізу) тек құқық бұзушыдан айыппұлдарды төлегені туралы немесе мәжбүрлі орындауды жүзеге асыратын органның растау құжаттарын алған соң, әкімшілік жазаны тағумен әкімшілік материалды қарау жөнінде №1-ӘҚ нысанды АЕҚ енгізген соң жүзеге асырылады.

Сонымен бірге тағылған айыппұлды төлеу тәртібі көрсетіледі (ерікті, қысқартылған, мәжбүрлі).

Айыппұлды бөліктермен төлеу жағдайында, барлық сомалар қосылады және соңғы төлем бойынша күн бейнеленеді.

Мәжбүрлі түрде төленген сома дәл осыған ұқсас көрсетіледі, яғни ерікті және мәжбүрлі тәртіпте төленген сомалар қосылады.

60. Жазаны орындауды кейінге қалдыру немесе мерзімін ұзарту туралы №1-ӘҚ нысанды АЕҚ толтыру (енгізу) тек егер ҚР ӘҚБК 888-бабына сәйкес құқық бұзушының өтініші бойынша әкімшілік жаза туралы қаулыны шығарған судья немесе орган (лауазымды адам) әкімшілік жазаны орындауды кейінге қалдыру/мерзімін ұзарту жөнінде шешім шығарған жағдайда, әкімшілік жаза тағумен әкімшілік істі қарау жөнінде №1-ӘҚ нысанды АЕҚ енгізгеннен кейін жүзеге асырылады.

61. Қаулыға апелляциялық, кассациялық, қадағалау тәртібінде шағым (наразылық) беру туралы №1-ӘҚ нысанды АЕҚ толтыру (енгізу) тек егер қаулыға шағым немесе наразылық берілген жағдайда әкімшілік жаза тағумен әкімшілік істі қарау немесе істі тоқтату жөнінде №1-ӘҚ нысанды АЕҚ енгізген соң толтырылады.

62. Жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қаулыларға шағым (наразылық) беру туралы №1-ӘҚ нысанды АЕҚ толтыру (енгізу) тек егер қаулыға шағым немесе наразылық берілген жағдайда әкімшілік жаза тағумен әкімшілік материалды қарау немесе істі тоқтату жөнінде №1-ӘҚ нысанды АЕҚ енгізген соң толтырылады.

63. АЕҚ шағым немесе наразылық беру нәтижесіне байланыссыз толтырылады, соның ішінде, егер қаулы өзгеріссіз қалдырылса.

64. Егер "Қарау нәтижесі" 13.2-деректемесінде "04" коды - жана қаулы шығарумен қаулының күшін жою немесе "05" коды –ведомстволығы бойынша жолдаумен қаулының күшін жою таңдалса, бұл жағдайда сәйкес деректемелер мен материал бойынша қабылданған шешімді енгізумен №1-ӘҚ нысанды келесі карточка енгізіледі.

65. Егер "Қарау нәтижесі" 14.2-деректемесінде "02" коды – қаулы қанағаттандырылды және күші жойылды – таңдалса, сәйкес деректемелер мен материал бойынша қабылданған шешімді енгізумен №1-ӘҚ нысанды келесі карточка енгізіледі.

65-1. Занды тұлғаны банкрот деп тану туралы сот шешімі занды күшіне енген кезде, субъекті 15-деректемеге белгі қояды, шешім күні және шешім қабылдаған соттың атауы 15.1 және 15.2. деректемелерде көрсетіледі.

**Ескерту. 65-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Бас Прокурорының 21.10.2015 № 126 (ресми түрде жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі)  
бұйрығымен.**

#### **4. Деректерді ОДБ есебінде сақтау мерзімі**

66. Әкімшілік жауаптылықта тартылған адамдар туралы мәліметтер ҚР ӘҚБК 61-бабына сәйкес әкімшілік жаза тағу туралы қаулының орындалуы аяқталғаннан кейін 1 жыл бойы сақталады.

Қазақстан Республикасының салық салу немесе монополияға қарсы құрес саласындағы қаулы занды күшіне енген соң, 5 жыл ішінде орындалмаған жағдайда, ҚР ӘҚБК 890-бабына сәйкес, әкімшілік тәжірибе субъектісі 62-бапта және 889-баптың 4-тармағында белгіленген тәртіпте қаулыны орындауды тоқтатады және адамды әкімшілік жауаптылықтан босатып, АЕҚ-да тиісті белгі жасайды.

67. Әкімшілік жауаптылықта тартылған кәмелетке толмағандар туралы мәлімет әкімшілік жаза тағу туралы қаулы орындалған сәттен бастап алты айға дейін сақталады (ҚР ӘҚБК 72-бабы).

68. Сыбайлар жемқорлыққа байланысты әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін әкімшілік жауаптылықта тартылған адамдар туралы мәліметтер туралы қаулы орындалған күннен бастап үш жыл көлемінде сақталады (2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік қызмет туралы" Заңының 13-бабы).

**Ескерту. 68-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының м.а. 01.08.2019 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

68. Сыбайлар жемқорлыққа байланысты әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін әкімшілік жауаптылықта тартылған адамдар туралы мәліметтер туралы қаулы орындалған күннен бастап үш жыл көлемінде сақталады (2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік қызмет туралы" Заңының 13-бабы).

**Ескерту. 68-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының м.а. 02.07.2020 № 82 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

70. (Электронды немесе қағаз жүзіндегі) ӘҚЕАЖ әкімшілік тәжірибе субъектісінің мұрағатында 3 жыл сақталады, (электронды немесе қағаз жүзінде) содан соң, қағаз нұсқасы акті бойынша жойылады.

#### **5. Деректер банкімен қызмет жасау негізі және тәртібі**

71. Адамдар туралы ақпаратты талап етіп алдыру Комитетке және оның аумақтық органына әр тексерілетін адамға бөлек рәсімделген талап етуді жолдау арқылы жүзеге асырылады.

Бланктердің нысандары, оларды толтыру және есепке алу бойынша тексеру үшін жолдау тәртіптері, сондай-ақ орындау мерзімдері Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2018 жылғы 27 ақпандағы № 29 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16667 болып тіркелген) орнатылған Қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған, қылмыстық жауаптылықта тартылатын адамдардың, қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықта тартылған адамдардың арнайы есебін, ұстап алғынған, құзетпен ұсталатын және сотталған адамдардың дақтилоскопиялық арнайы есебін жүргізу және пайдалану қағидаларымен ұқсас жүзеге асырылады.

Әкімшілік құқық бұзушылықтар болған кезде, тексеру күнінде Комитеттің ақпараттық жүйесінің есебінде бар құқық бұзушылықтар көрсетіледі.

**Ескерту. 71-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Бас Прокурорының м.а. 02.07.2020 № 82 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

72. Жүгініп келген жеке тұлғаға қатысты есепке алу мәліметтерін беру өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжатты және АБ басшысының атына жазылған өтінішті ұсынуы арқылы Нұсқаулықтың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша АБ жүзеге асырылады. Тегін, атын, әкесінің атын өзгерткен адамдар бұрынғы сауалнама деректерін де көрсетеді.

Мәліметтер азаматтардың өтініштері бойынша анықтамалар түрінде Нұсқаулықтың 5-қосымшасына сәйкес нысанда беріледі.

73. Есепке алу мәліметтері өзге адамға ақпарат сұрапатын адам берген Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 167-бабына сәйкес рәсімделген сенімхат негізінде беруі мүмкін. Сенімхат немесе оның көшірмесі өтінішке қоса берілетін қосымша ретінде АБ-да қалады.

74. Комитеттің жергілікті басқармалары қызметкерлері, ПО нақтыланған мәліметтерді өзгертуі туралы ақпарат түсін жағдайда, әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамдардың есебі бойынша 5 жұмыс күні ішінде тексеру откізеді.

Сауалнама деректерін өзгерткен азаматтарға қатысты мәліметтер бар болса, АЖ-де "басқа сауалнама деректері бар" белімінде белгі жасалады және аталған деректер көрсетіледі.

Ескерту: егер мерзімнің аяқталуы жұмыс күніне (демалыс, мерекелік күндер) келмеген жағдайда, мерзімнің келесі күні одан кейінгі бірінші жұмыс күні болып есептеледі.

Әкімшілік құқық бұзушылықтар  
және оларды жасаған адамдар  
туралы орталықтандырылған

## деректер есебін жүргізу туралы нұсқаулыққа 1-қосымша

## "Әкімшілік құқық бұзушылықтарды есепке алу карточкасы" 1-ӘЖ нысаны

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының м.а. 02.07.2020 № 82 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Құқық бұзушылық жасаған кездегі жасы: 11 жасқа дейін (01), 12-13 жас (02), 14-15 жас (03), 16-17 жас (04), 18-20 жас (05), 21-29 жас (06), 30-39 жас (07), 40-49 жас (08), 50-59 жас (09), 60 жас және одан жоғары ( 10 ) .

19. Құқық бұзушылықты жасаған: Қазақстан Республикасының азаматы (1), Тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдерінің азаматы (2), шетел азаматы (3), азаматтығы жоқ адам (4), оралман (5).

19.1 Азаматтығы: (анықтамалық бойынша) \_\_\_\_\_

20. Ұлты: (анықтамалық бойынша) \_\_\_\_\_

-----  
21. Тұған жері \_\_\_\_\_

22. Тұрғылықты жері \_\_\_\_\_

23. Құжаты: төлкүжат (01), жеке куәлік (02), тұру рұқсаты (03), азаматтығы жоқ адамның куәлігі (04), жүргізуши куәлігі (05), әскери билет (06), туу туралы куәлік (07), аңшылық билет (08), жеке кәсіпкер күәлігі ( 09 ) .

№ \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ жыл. \_\_\_\_\_ берген (кім берген)

24. Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) /\_\_\_\_\_/\_\_\_\_\_/\_\_\_\_\_/\_\_\_\_\_/\_\_\_\_\_/

25.	Жұмысшының түрі:
мына	органдардың қызметкері және жұмысшысы: сөздік деректеме;
министрліктердің	қызметшілері: сөздік деректеме;
қызметшілері:	сөздік деректеме;
оқушылары:	сөздік деректеме;
басқапар:	сөздік деректеме.

26. Жұмыс (оку) орны, лауазымы \_\_\_\_\_

27. Мынадай: алкогольдік (1), есірткілік (2), уытқұмарлық масаң (3) күйде жасалған.

28. Ұйымдастырушылық - құқықтық нысаны: Коммерциялық ұйым: ЖК (01), шаруашылық серіктестік (02), АО (03), ДК (04), өзгелер (05); оның ішінде: шағын кәсіпкерлік субъект (12), орта кәсіпкерлік субъект (13), ірі кәсіпкерлік субъект (14). Коммерциялық емес ұйым: мекеме (08), қоғамдық бірлестік (09), мемлекеттік мекеме (10), өзге нарындар ( 11 ) .

29. Занды тұлғаның атасы \_\_\_\_\_

30. Занды мекенжайы \_\_\_\_\_

31. Бизнес сәйкестендіру нөмірі /\_\_\_\_\_/\_\_\_\_\_/\_\_\_\_\_/\_\_\_\_\_/

32. Қызметкердің лауазымы, тегі, аты-жөнінің бірінші әріптері, қолы толтырылған күні " \_\_\_\_ " 20 жыл.

Өзге белгілер \_\_\_\_\_

Ишкі істер органдары толтырады (бұдан әрі - ПО) 33. ПО қызметкерлері анықтаған: полиция участекілік инспекторлары (01), кәмелетке толмағандар істері жөніндегі инспекторлар (02), патрульдік полиция қызметкерлері (03), лицензиялық-рұқсат беру жұмысы қызметкерлері (04), табиғатты қорғау және ветеринарлық полиция қызметкерлері (05), көші-қон полициясы қызметкерлері (06), арнаіы мекемелердің қызметкерлері (07), мемлекеттік күзет қызметі қызметкерлері (08), жол-патрульдік полиция қызметкерлері (09), ПО басқа қызметінің қызметкеткерлері (10).

34. ПО есебінде тұрған: бұрын сотталған (01), ПО әкімшілік қадағалаудағы (02), маскунемдік дертіне шалдыққан деп танылған, денсаулық сактау органдарында есепке алынған (03), шартты-мерзімінен бұрын босатылған (04), ресми түрде әкімшілік қадағалауға алынған (05) адам.

35.	Жасаған: бұрын сottaлған (01), маскүнемдік, нашақорлық, уытқұмарлық дертіне шалдықкан деп танылған, деңсаулық сактау органдарында есепте тұратын (03), реcми түрде әкімшілік қадағалауға түскен (02), қылмыстық жауаптылық жасына жеткенге дейін қоғамдық-қауіпті әрекет жасаған кәмелетке толмаған (05), міндетті орта білім алушан жалтарушы кәмелетке толмаған (06), маскүнемдік, нашақорлық, уытқұмарлық дертіне шалдықкан деп танылған, есепте тұрган кәмелетке толмаған (07), алдын ала тергеу мерзіміне күзетпен ұстауга алынбаған кәмелетке толмаған (08), ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылған кәмелетке толмаған (09), нашар отбасында тұратын кәмелетке толмаған (10), ауырлығы аз және орташа қылмыс жасағаны үшін сottaлған және жауаптылықтан босатылған кәмелетке толмаған (11), қараусыз немесе панасыз кәмелетке толмаған (12), бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған кәмелетке толмаған (13), бұрын сottaлған кәмелетке толмаған (14), шартты-мерзімінен бұрын босатылған (15), әкімшілік қадағалаудағы (16) адам.
36.	Көлік құралының түрі: женіл (01), жұқ (02), автобус (03), өзге (04).
37.	Көлік құралының маркасы _____
38.	Көлік құралының мемлекеттік нөмірі _____
39.	Козғалтқыш нөмірі _____
Шанақ	нөмірі _____
Көлік	құралының шасси нөмірі _____
40.	Көлік құралының тиесілілігі:жеке (01), мемлекеттік (02), өзге (03).
41.	Жүргізуши күелігінің нөмірі және сериясы: _____
42.	Әкімшілік құқық бұзушылықты кедендік бақылаудың техникалық құралдарынын (бұдан әрі – КБТҚ) көмегімен мемлекеттік кіріс органдарының қызметкерлері анықталды: шекарадағы бекет қызметкерлері (01), контрабандада қарсы курсе бөлімшелерінің қызметкерлері (02), Техникалық қызмет көрсету орталығы кеден бекеттерінің қызметкерлері (03), энергетикалық кеден бекеттерінің қызметкерлері (04), кедендік кіріс бөлімшелерінің қызметкерлері (05), алдын ала операцияларды бақылау жөніндегі бөлімшелердің қызметкерлері (06), кедендіктен кейінгі бақылау бөлімшелерінің қызметкерлері (07), кедендік сараптама бөлімшелерінің қызметкерлері (08), заң қызметі бөлімшелерінің қызметкерлері (09).
43.	Құқық бұзушылықтар анықталған КБТҚ атаяу: Автокөлік құралдарын есепке алушын автоматтандырылған жүйесі (01), техникалық радиациялық бақылау құралдары (02), салмақ және габарит параметрлерін автоматтандырылған анықтау жүйесі (03), қарау интраскопиялық техникасы (04), техникалық іздеу құралдары (05), техникалық сәйкестендіру құралдары (06), техникалық визуалды бақылау құралдары (07), аудио және бейнеакпарат тасымалдағыштарды техникалық бақылау құралдары (08), техникалық жедел байланыс құралдары (09).
44.	Қызметкердің лауазымы, тегі, аты-жөнінің бірінші әріптері, қолы және толтырган күні _____

" " 20 жыл.

Әкімшілік құқық бұзушылықтар және  
оларды жасаған адамдар туралы  
орталықтандырылған деректер есебін  
калыптастыру бойынша

Нұсқаулыққа

2-қосымша

Нысан

**Әкімшілік құқық бұзушылықтарды қарау барысы және нәтижелері**  
**туралы карточка 1-ӘҚ нысаны**

**Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 21.10.2015 № 126 (ресми түрде жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Материал/хаттама/іс бойынша шешім қабылдаған өкілетті орган _____
2. Әкімшілік іс нөмірі / / / / / / / / / / / / / / / / / /
2.1. Хаттама нөмірі / / / / / / / / / / / / / / / / / /
2.2 Сот ісінің нөмірі / / / / / / / / / / / / / / / / / /
2.3 Бірлесіп қарау үшін істерді бір өндіріске біріктіру (ҚР ӘҚБтК 816-б., 4-б.): ия (01), жоқ (02)
2.4 Негізгі әкімшілік істің нөмірі / / / / / / / / / / / / / / / / / /
2.5 Біріккен әкімшілік істердің нөмірлері: _____
3. Шешім қабылдаған адамның лауазымы, Т.А.Ә. _____
4. Келіп түсken күні " " 20 ж. Түзету күні " " 20 ж.
5. Құқық бұзушылықтың саралануы ҚРӘҚБК __ б. __ б. __ т.
6. Мемлекет пайдасына залал өтелді _____ теңге
7. Материал/хаттама бойынша шешім: материал/хаттама берілді (08), жаза тағумен қаралды (09), әкімшілік жазаны, әкімшілік жауаптылықты тоқтатумен/босатумен (10), жазаны орындау: айыппұлды өтеу (12), жазаны орындау мерзімі кейінге қалдырылды/ұзартылды (13), қаулыға шағым/наразылық берілді (14) сottың шешімімен банкрот болып танылды (15), Шешім күні " " 20 ж.
7.1 Прокурордың қатысуы қабылданды: иә (01), жоқ (02)
8. Материал берілді 8.1 ведомстволық бағыныстылығы бойынша (01), ҚР ӘҚБтК 812-б. 2-б. тәртібінде көлік құралын есепке алу орны бойынша берілді (02), сот органына (03), қаулыны мәжбүрлі орындауга (05).
8.2 Материал берілген органның атауы _____
9. Әкімшілік жаза шаралары (ҚР ӘҚБтК 42, 52-бб.): 9.1 негізгілер: ескерту (01), айыппұл (02), тұтқындау (03), арнайы құқығынан айыру (04), рұқсатынан айыру немесе оның әрекетін тоқтата тұру, сондай-ақ тізілімнен шығару (05), қызметті тоқтата тұру/тыйым салу немесе олардың жеке түрлерін (06), шетелдіктерді немесе азаматтығы жоқ адамдардың әкімшілік шығару (07), Мына мерзімге: " " 20 ж.
9.2 қосымша: арнайы құқығынан айыру (04), рұқсатынан айыру/тоқтата тұру, сонымен қатар тізілімнен алғып тастау (05), қызметті немесе оның жеке түрлерін тоқтата тұру/тыйым салу (06), шетелдіктерді немесе азаматтығы жоқ адамдардың әкімшілік шығару (07), тәркілеу (09), мәжбүрлі бұзы (10). Мына мерзімге: " " 20 ж.
9.3 Әкімшілік-құқықтық: жол қозгалысы ережелерін білуін тексеру (12), бұзақы мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеу (14).
9.4 Салынған айыппұл көлемі _____ теңге
9.5 Соның ішінде ҚР ӘҚБтК 819-б. 2-б. қолданып: иә (01), жоқ (02)
9.6 Қыскарту өндірісі тәртібінде салынған айыппұл мөлшері _____ теңге
10. Тоқтату негіздері: 10.1 Мына негіздер бойынша тоқтатылды: ҚР ӘҚБтК 62-б. бойынша ескіру мерзімінің өтуіне байланысты (03), ҚР ӘҚБтК 63-б. бойынша рақымшылық актісі негізінде (04), ҚР ӘҚБтК 64-б. бойынша тарараптардың бітісуіне байланысты 64 (06), ҚР ӘҚБтК 68-б. бойынша кәмелеттке толмаганды босату (07), ҚР ӘҚБтК 741-б. бойынша іс бойынша өндірісті болдырмайтын жағдайлар бойынша (08), ҚР ӘҚБтК 742-б. көзделген жағдайлар бойынша (09), ҚР ӘҚБтК 821-б. 5-б. 3-т. (10).
10.2 ҚР ӘҚБтК 741-б. бойынша іс бойынша өндірісті болдырмайтын жағдайлар: әкімшілік құқық бұзушылық оқиғасының болмауы (01), әкімшілік құқық бұзушылық құрамының болмауы (02), әкімшілік жауаптылықты белгілейтін заңының немесе оның жеке ережелерінің күшін жою (03), егер әкімшілік жауаптылықты белгілейтін заңды немесе оның жеке ережелерін, немесе әрекетті әкімшілік құқық бұзушылық ретінде саралау байланысты болатын әкімшілік құқық бұзушылық туралы осы істе

қолданылуға тиісті өзге нормативтік құқықтық актіні ҚР Конституциялық Кеңесі конституциялық емес деп таныса (04), әкімшілік жауаптылықта тартудың ескіру мерзімінің өтуі (05), әкімшілік жауаптылықта тартылатын адамға қатысты сол дерек бойынша судьяның, органның, лауазымды адамның әкімшілік жаза тағу туралы қаулысының немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі тоқтату туралы күші жойылмаған қаулысының болуы, сондай-ак сол дерек бойынша адамды құдікті деп тану туралы қаулының болуы (06), іс бойынша өндіріс жүргізілетін жеке тұлғаның қаза болуы, заңды тұлғаның таратылуы (07), ҚР заңнамасымен белгіленген мерзімде электрондық түрде салық есептілігінің нысандарын ұсыну бойынша салық төлеушінің салық міндеттемесін орындауына әкелген, бюджетке салықтардың және басқа міндетті төлемдердің түсін қамтамасыз ету саласында жетекшілікті жүзеге асыратын өкілетті орган растиған бағдарламалық қамсыздандырудың техникалық қателіктер туындаған жағдайда (09), ҚР ӘҚБтК 897-б. белгіленген тәртіпте әкімшілік айыппұлдың төленгенен растайтын құжаттың болуы (10), әкімшілік жауаптылықта тартылатын адам заңмен белгіленген тәртіпте адам саудасымен байланысты қылмыс туралы қылмыстық іс бойынша жәбірленуші деп танылған (11).

10.3 Адам ҚР ӘҚБтК 50-б, 2-б. негізінде әкімшілік жазадан босатылған (11), адам ҚР ӘҚБтК 889-б. негізінде әкімшілік жазадан босатылған (10), адам ҚР ӘҚБтК 63-б. негізінде әкімшілік жазадан босатылған (12), адам ҚР ӘҚБтК 68-б. негізінде әкімшілік жазадан босатылған (13).

10.4 Кәмелеттік жасқа толмағанға қатысты тәрбиелік ықпал ету шаралары қолданылған: заңды түсіндіру (1), ата-анасының немесе оларды ауыстыратын адамдардың, немесе мамандандырылған мемлекеттік органның қадағалауына беру (2), келтірілген зиянды өтеу міндеттін жүктеу (3), кәмелетке толмағанның демалысын шектеу және мінез-құлқына ерекше талаптар қою (4), құқық бұзушының мінез-құлқына ерекше талаптар (05).

#### 11. Айыппұл төлету

11.1 1 Ерікті түрде өтелген айыппұл сомасы \_\_\_\_\_ теңге

11.2 Мәжбүрлеу тәртібінде төletілген айыппұл сомасы \_\_\_\_\_ теңге

11.3 Қыскартылған тәртіпте төletілген айыппұл сомасы \_\_\_\_\_ теңге

#### 12. Қаулыны орындау мерзімі кейінге қалдырылды/ұзартылды

12.1 Әкімшілік тұтқындау, арнағы құқығынан айыру немесе айыппұл түріндегі әкімшілік жаза туралы қаулыны орындау "\_\_\_" 20\_\_\_ ж. дейін кейінге қалдырылды.

12.2 Айыппұл төлету туралы қаулыны орындауды судья, орган (лауазымды адам) "\_\_\_" 20\_\_\_ ж. дейін кейінгі қалдырылды.

#### 13. Шағымдалды/наразылық берілді

13.1 ҚР ӘҚБтК 830-б. тәртібінде шағым берілді (01), ҚР ӘҚБтК 830-б. тәртібінде наразылық берілді (02), ҚР ӘҚБтК 847-б. тәртібінде шағым берілді (05). ҚР ӘҚБтК 847-б. тәртібінде наразылық берілді (06), ҚР ӘҚБтК 851-б. тәртібінде шағым берілді (03), ҚР ӘҚБтК 851-б. тәртібінде наразылық берілді (04).

13.2 Шағымды/наразылықты қарау нәтижесі: қаулы өзгеріссіз қалды, ал шағым/наразылық қанағаттандырылмады (01), қаулы өзгертілді (02), әкімшілік істі тоқтатумен қаулының күші жойылды (03), жаңа қаулы шығарумен қаулының күші жойылды (04), ведомстволық бағыныстырығы бойынша жолдаумен қаулының күші жойылды (05).

13.3 Шағым/наразылық бойынша істі қарау күні "\_\_\_" 20\_\_\_ ж.

13.4 Исті қайта қараган орган атауы \_\_\_\_\_

#### 14. Қаулының жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қарау

14.1 ҚР ӘҚБтК 852-б. тәртібінде шағым берілді (01), ҚР ӘҚБтК 852-б. тәртібінде наразылық берілді (02).

14.2 Шағымды/наразылықты қарау нәтижесі: қайтарылды (01), қанағаттандырылды және күші жойылды (02), істі қайта қарадан бас тартылды (03).

14.3 Шағым/наразылық бойынша істі қарау күні "\_\_\_" 20\_\_\_ ж.

14.4 Исті қайта қараган орган атауы \_\_\_\_\_  
"\_\_\_" 20\_\_\_ ж.

#### 15. Банкрот болып танылды

15.1 Шешім қабылдаған соттың атауы (анықтамалық бойынша)

15.2 Шешім күні "\_\_\_" 20\_\_\_ ж.

Өкімшілік құқық  
бұзушылықтар және  
оларды жасаған адамдар  
туралы орталықтандырылған  
деректер есебін  
қалыптастыру бойынша  
Нұсқаулыққа 3-қосымша

Нысан

**(мемлекеттік органның атауы)**  
**Әкімшілік құқық бұзушылықтарды есепке алу**  
**журналы**

№ \_\_\_\_\_

20\_ ж. " " \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

басталды

20\_ ж. " " \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

аяқталды

№ р/ р	Тіркеу күні және уақыты	Әкімшілік істің нөмірі	Құқық бұзушылықты кім анықтады	Хаттаманың/ материалдың № және оны құрастыру күні	ҚР ӘҚБК нормалары бойынша құқық бұзушылықты сарапалау	Құқық бұзушылық жасалу орны және күні	Құқық бұзушылық мәліметтер, (Т.А.Ә., туған күні және жері, жұмыс орны, лауазымы) ЖСН, мекенжайы )	Занды тұлғаның, ЖК-дің, ДК-дің немесе же ке кәсіпкер , занды туралы тұлғаның бірінші басшысы туралы мәліметте (болған кезде занды мекенжайы , БСН) )	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

kestesenің жалғасы

	Каулы № және	№ 1-ӘЖ нысады карточканы	№ - ӘК нысады карточканы		Мәжбүрлі төлету туралы	АА СД
--	--------------------	--------------------------------	--------------------------------	--	------------------------------	----------

Қаралу күні және нәтижелері	Материалды сотқа жіберу күні	занды күшіне ену күні	Жазалау шаралары	ұсынған қызметкердің Т.А.Ә.	ұсынған қызметкердің Т.А.Ә.	КСжАЕКБ-на АЕҚ жолдау күні	Тағылған айыппұлды төлеу күні	каулыны жолдау күні	№ жән күн
11	12	13	14	15	16	17	18	19	20

Әкімшілік құқық бұзушылықтар және  
оларды жасаған адамдар туралы  
орталықтандырылған  
деректер есебін  
қалыптастыру бойынша  
Нұсқаулыққа  
4-қосымша  
Нысан  
БП КСжАЕКБ Басшысына \_\_\_\_\_ бойынша

кімнен (Т.А.Ә. толық) \_\_\_\_\_

---



---

Тұған күні \_\_\_\_\_  
Тұған жері \_\_\_\_\_  
Жеке куәлік № \_\_\_\_\_  
Берілді \_\_\_\_\_  
Мекенжайы \_\_\_\_\_  
Байланыс телефоны \_\_\_\_\_

## Отініш

---



---



---

\_\_\_\_\_ үшін қажет (сұраудың маңызы) маған қатысты әкімшілік құқық бұзушылықтардың бар (жоқтығы) туралы мәліметтерді ұсынуыңызды сұраймын.

Күні \_\_\_\_\_ Қолы \_\_\_\_\_

Әкімшілік құқық бұзушылықтар  
және оларды жасаған адамдар  
туралы орталықтандырылған  
деректер есебін қалыптастыру  
бойынша Нұсқаулыққа  
5-қосымша

Нысан

## А Н Ы Қ Т А М А

Азамат (ша) \_\_\_\_\_

тегі, аты, әкесінің аты,

күні (күнді, айды және жылды көрсетумен)

және туған жері

20 \_\_\_\_ жылғы "\_\_\_\_\_" жағдайына әкімшілік құқық  
бұзушылықтары жоқ (бар).

Басқарма басшысы

(Комитеттің аумақтық органының, құрылымдық бөлімшесінің атауы,  
қолы, Т.А.Ә.)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК